

«Латын әліпбиіне көшу -жас ұрпаққа көптілдік білім берудің алғышарты»

Қалелова Мария Жалмханқызы - «Тіл әлемі» көптілді білім беру орталығының жетекшісі.

Сіздер мен біздер, яғни 80-жылдардың жастары еліміздің тарихында болып жатқан ең елеулі, басты оқиғаларына тек қана куәгер болып қана қоймай, бірге жасап , біте қайнаған ұрпақтың өкілдеріміз. Оған мысалы ретінде бүгінгі замандастарымыздың жанын құрбан етіп қолымыз жеткен тәуелсіздік, еліміздің экономикасын, мәдениетін басқа елдермен терезесі тең мемлекет ретінде құру, бүгінгі білім саласында жасалып жатқан көптеген реформалар. оның ішінде үш тілділікті дамытудың мемлекеттік кешендік бағдарламасы, рухани жаңғыруды жүзеге асыру және т.б. атауға болады.Рухани жаңғыру аумағындағы Елбасы атап көрсеткен кешенді шаралардың бірі-ең маңыздысы *латын әліпбиіне көшу*- дәлірек айтқанда қайта оралу –яғни тарих тағы да біздің арқамызға жауапкершілігі зор ауыр жүгі болмақ.

Мен ең алдымен *«Латын әліпбиіне көшудің жас ұрпаққа берері не?»* деген мәселеге тоқталып өтпекпін. Бір ғана жауап- латын әліпбиіне көшудің жас ұрпаққа берері көп.

Біріншіден, ол жалпы даму үшін ғана емес,қазақ тілінің жаһандану заманында басқа тілдермен терезесі тең тіл ретінде дамуына ықпал етеді . Жалпы латын әліпбиін дүние жүзі халқының 80 пайызы қолданады екен. Яғни латын әліпбиі жаһандану заманында өркениетке біртабан жақындау,еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыруына,ғылым мен білімнің даму үрдісінен көш соңында қалып қоймауына әсер етіп қана қоймай, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады.

Екіншіден, жалпы латын әліпбиіне көшу –уақыт талабы, заман талабы, мәдени тілдік фактор. Оған шын мәнінде ешқандай саяси реңк беріп, саяси астар іздеудің қажеті жоқ. Бұл дегеніміз орыс әлемінің ықпалынан құтылып, түркі әлеміне бет бұру да емес. Бұл түбегейлі мәселе. Қазақстан Ғылым Академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директорының орынбасары Анар Фазылжанова ханымның пікірінше «кирил әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық тілдік ерекшеліктерін толық мәнінде бере алатын әліпби емес, одан гөрі қазақ тілінде орысша жаз деп тұратын әліпби» болып отыр. Яғни латын әліпбиіне көшу- бай тіліміздің қаймағын бұзбай,

тілдік, дыбыстық ерекшеліктерін сақтай отырып , келер ұрпаққа жеткізуді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, біз алдымен келешек ұрпақтың қамын ойлауымыз керек. Латын әліпбиі азір қарқынды дамып жатқан әлемдік ақпараттар кеңістігіне енудің ең бір тиімді де оңтайлы жолы. Сонымен қатар әлемдік деңгейдегі білім кеңістігінде еркін қимылдау үшін жас ұрпақты оған бейімдеп, бірнеше тілде еркін сөйлеуі үшін де қажетті төте жол да латын әліппиі болып табылады. Өйткені компьютердің пернетақтасының құлағында ойнайтын жастар үшін латын әліпбиін үйрену айтарлықтай қиындық туғыза қоймас. Керісінше, шет тілі маманы ретінде латын әліпбиі қазіргі заман талабы – көптілді білім алудың, шет тілдерін үйренуді біршама жеңілдететін оңтайлы жол дер едім.

Дей тұрғанмен, әрбір соны қадамның тосырқаушылық, үрей, қала берді қорқыныш туғызатыны сияқты бұл мәселе де сыңаржақ пікірлер, сыни көзқарас, наразылық туғызатыны заңды. Әлеуметтік желілердегі көптеген пікірлерді сараптай келе , кереғар пікірлердің күнкіл, қаңқу сөздер , байбаламның аз емес екеніне көз жеткізіп отырмыз. Сондықтан «жауырды жаба тоқымай» сыни пікірлер мен ескертулердің бәрін назардан тыс қалдырмай, ескергеніміз дұрыс. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді, бұл мәселені қоғамдық талқыға салып, түсіндіру, насихаттау қажет. Ең көп айтылатын уәждердің бірі жарыққа шығып қойған «миллионнан астам кітапқа кететін қыруар қаражат мәселесіне байланысты. Менің оған қоғам азаматы ретінде, ұстаз ретінде, одан қала берді ана ретінде қарсы қояр уәжім-келер ұрпақтың біліміне жұмсалатын қаржы – ол ең пайдалы, орнына мыңдаған есе қайтып келетін инвестиция.

Бұл орайда бізді ойландыратын маңыздырақ мәселе - 40-50 бойы жинақталған ескі жазуларымызбен жазылған мәдени мұраларымызды, тарихымызды, рухани құндылықтарымызды жоғалтып алмай, келер ұрпаққа асыл мұра етіп қалдыру болуы тиіс.

Өзбек халқында бір сөз бар: «Шібіш сойса да қасапшыға сойғыз» деген. Сондықтан ендігі жерде тіліміздің барлық ерекшеліктерін дәлме дәл беретін, Қазақстан Ғылым Академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институты ғалымдары ұсынып отырған «бір әріп бір дыбыс» принципіне негізделген қазақ әліпбиінің нұсқаларын басшылыққа ала отырып төл әліпбиімізді жасап алу-кезек күттірмейтін мәселе.